

ЖШС «Жас-Дарын-3» бастауыш мектебі
Әдістемелік кеңесінің
ХАТТАМАСЫ №2

Өткізілетін орны: АКТ залы

Өткізілу күні: 3.11.2023ж

Уақыты: 10:00

Өткізілу түрі: оффлайн

Хатшы: Ондыбайқызы А

Қатысушылар: Педагогикалық ұжым (тізім бойынша)

Күн тәртібінде:

1. ОМЖ және ҚМЖ әзірлеу және іске асыру сапасын анықтау.
Жауапты: Директордың әдістеме жөніндегі орынбасары:
С.Ш.Исаева
2. Тілдер мерекесінің қорытындысы.
Жауапты: Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі: Бурахан А
3. Пән апталықтары, мектепшілік олимпиадаларын өткізу графиктерін бекіту.
Жауапты: Директордың әдістеме жөніндегі орынбасары:
С.Ш.Исаева
4. Мұғалімнің әптірлі формаларды, әдістерді және жаңа технологияларды қолдануы деңгейін анықтау.
Жауапты: Директордың әдістеме жөніндегі орынбасары:
С.Ш.Исаева
5. Сабақта өздігімен жұмыс жасауды ұйымдастыру үшін саралау тәсілін қолдану.
Жауапты: Директордың әдістеме жөніндегі орынбасары: С.Ш.Исаева
6. Жоспарлы сабаққа ену, пәндік апталықтың кестесіне сай сабақтарды бақылау нәтижелерін әдістемелік кеңес отырысында талқылау.
Жауапты: Директордың әдістеме жөніндегі орынбасары:
С.Ш.Исаева
7. Бастауыш сыныптарда қазақ, орыс, ағылшын тілінің сабағында инновациялық технологияның қолдануы.
Жауапты: Директордың әдістеме жөніндегі орынбасары:
С.Ш.Исаева
8. Педагогтердің курстық дайындығын ұйымдастыру.
Жауапты: Директордың әдістеме жөніндегі орынбасаы:
С.Ш.Исаева
9. Коучинг «Жаңару жолындағы жас маман»
Бастауыш сынып мұғалімі: Байзбаева А.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі кезекті мәселе бойынша директордың әдістеме жөніндегі орынбасары Исаева С.Ш. сөз тізгіндеді. Білім және Ғылым министрлігінің 2020жылдың сәкірдегі №130 бұйрығының 3-қосымшасындағы енгізілген өзгеріспен таныстырып, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 27.08.2022ж № 382 бұйрығымен білім беру ұйымындағы педагогтің ОМЖ, ҚМЖ жоспарлары жүргізілуін атап өтті.

ОМЖ(орта мерзімді жоспар)

Тізбектелген сабақтар топтамасы мұғалімдерге болып жатқан өзгерістерлің өзінің тәжірибесіне ықпалын ескере отырып, өзінің оқыту тәжірибесіне бағдарлама ұсынған идеяларды енгізуге мүмкіндік береді.

Орта мерзімді жоспар ұзақ мерзімді жоспармен анықталған бағдарларды нақтылайды және ең қысқа мерзім аралығында жүзеге асырылады. Орта мерзімді жоспарларда белгіленген кезеңге арналған негізгі міндеттерді тұжырымдайды. Ол жерде әрбір тоқсанға немесе бөлімге арналған оқу тақырыптары көрсетіледі.

ҚМЖ(қысқа мерзімді жоспар)

Оқудың әрбір кезеңінің басынан бастап соңына дейін алға ілгерілеуді қамтамасыз ету қысқа мерзімді жоспарда жоспарланады. Қысқа мерзімді жоспар орта мерзімді жоспардың құрамындағы бір тақырыпқа байланысты, оқушыға арнап құрылған сабақ жоспарының формасы немесе үлгісі.

Қысқа мерзімді жоспарда мақсат қоя білу, міндеттерді белгілеу, күтілетін нәтиже, модульдерді қолдану, сабақтың барысы, мұғалімнің іс-әрекеті, оқушының іс-әрекеті, бағалау және рефлексия бөлімдері бойынша мұғалімнің жұмысын бағалау ұсынылатыны түсіндірілді.

Қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі

Бөлім		
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)		
Күні		
Сынып	Қатысушылардың саны	Қатыспағандар саны
Сабақтың тақырыбы		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары		
Сабақтың мақсаттары		

Сабақ барысы

Сабақ кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Педагог тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда кәсіби қызметті ұйымдастыру тәсілдері мен нысандарын дербес таңдауға құқылы.

2. ЖШС «Жас дарын-3» бастауыш мектебінде 2023 жылдың қыркүйектің 5-8 аралығында «Тіл мерекесі-ел мерекесі» атты тілдер апталығы өтті.

Бұл шараны өткізудің негізгі мақсаты:оқушыларды мемлекеттік тілді құрметтеуге,орынды қолдануға және ана тілін мақтаныш етуге дайындау. Апталық аясында біраз іс-шаралар мен жұмыстар жүргізілді. Іс-шара жұмыстарына оқушылар

мен ұстаздар белсене қатысып, жұмыла жұмыс жасады. Тіліміздің қанатын кеңге жаюға басқа ұлт өкілдерінің балалары да өз үлестерін қосып апталыққа белсенді қатысты. Мектебіміздің оқу ісі жөніндегі орынбасары Исаева С сөз алып, мерекенің жоспарымен таныстырды. Апталықтың ашылуына орай оқушылар өз ана тілдерінде өлеңдер мәнерлеп оқып, орыс тілі, ағылшын, қазақ тілі пәндері бойынша білімдерін ортаға салды.

06.09.2023ж қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімі Бурахан Айдана «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» тақырыбына сайыс сабағын өткізді. Сайысқа қазақ тілде оқытылатын 3-4«А» сынып оқушылары қатысты.

Сайысты өткізудің негізгі мақсаты: Мақал – мәтел, жұмбақтар айту арқылы көркем, ұтымды сөйлеуге, қиыннан қиыстыра білуге үйрету

Тәрбиелік мәні: Ата-бабаларымыздың өсиетін қадыр тұтуға, мақал- мәтел, жұмбақ, шешендік өнер арқылы өз елінің тарихи шежіресін білуге, әдет – ғұрып, салт-дәстүрді сыйлауға баулу

Дамытушылық: Сөздік қорын дамыту, өз ойларын кең, мазмұнды жеткізе білуге үйрету болатын.

Сабақ бес бөлімнен тұрды. Әр бөліміндегі тапсырмаларды оқушылар қызығушылықпен орындады. Тілге байланысты мақал - мәтелдерді, тұрақты сөз тіркестерін еске түсірді. Оқушылар әдебиет сабағында алған білімдері бойынша сұрақтарға жауап берді.

Ақын, педагог, қазақ жазушының негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы шығармаларының тәрбиелік мәнін және ағартушы ұстазымыздың туған күнін ескере отырып, «Егіннің бастары» шығармасын 4 «А» сынып оқушылары сахналап көрсетті. Мұндағы мақсатымыз: А.Байтұрсынұлы шығармаларының қазақ халқына әкелер тәрбиелік маңыздылығы зор екені және А.Байтұрсынұлы шығармаларын өскелең жас ұрпаққа насихаттау болатын. Ақын шығармаларында әртүрлі аңдар, әртүрлі адамдар кейіпінен хабарлар беріп, ишара, тұжырым жасалады.

3. «Жас-дарын-3» бастауыш мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік бірлестігінің апталық өтізу кестесі

Р/с	Бірлестіктің атауы	Апталықтың атауы	Апталықтың өткізу мерзімі	Жауапты
1	Тілдер мерекесі Қазақ тілі, орыс тілі шет тілі 1,2,3,4 сыныптар	«Тіл мерекесі-ел мерекесі»	04.09-08.09.2023ж	П.С. Бейсенова
2	Бастауыш сынып Қазақ тілі, орыс тілі шет тілі 2-3 сыныптар	«Тіл-татулықтың тірегі»	25.09-20.10.2023ж	М.Б Оспан
3	Жаратылыстану, дүниетану 2-3 сыныптар	«Жаратылыс әлеміне саяхат»	13.11-15.12.2023ж	М.Б Оспан
4	Бастауыш сынып Математика информатика 1-4 сыныптар	«Қызықты математика»	15.01-07.03.2024ж	М.Б Оспан
5	Денешынықтыру пәні бірлестігі 1,2,3,4 сыныптар	«Салауатты өмір-жарқын болашақ»	15.04.- 10.05.2024ж	Б.Ә.Әлімбеков

ДӘЖО:

С.Ш.Исаева

4. Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны – мұғалімдердің басты міндеті – өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу.

Жаңаша оқытудың «Кембридждік» жүйесі бойынша бұл тәсіл біршама өзгереді. Мұнда балаларға білім дайын күйінде берілмейді, керісінше оқушылардың өздерін еркін ұстауға, ойлануға мүмкіндік жасалады. Олар өз беттерімен және өзара әрекеттесе оқып-үйреніп, ортақ бір шешімге келуге бағытталады. Сондықтан да қазіргі таңдағы әрбір ұстаздың да, оқушының да іс-әрекеті ерекше шығармашылық сипатта болуы керек. Заманауи технологиялардың басты міндеті – оқушының оқу – танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету болып табылса, педагогикалық технология кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып есептеледі. Оқытудың жаңа технологияларын меңгеру мұғалімнен орасан зор іскерлік пен шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер мұғалімнің жаңа технологияны меңгеріп, инновациялық жетілуіне әкеледі.

Заманауи педагогикалық технологиямен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғышарттар керек: оқу үрдісін интенсивтендіруді жаппай қолға алу, оқушылардың сабақтастығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру, оның ғылыми – әдістемелік, оқыту – әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, пәндік білім стандартымен жете танысу, білімді деңгейлеп беру технологиясын игеру арқылы оқушыларға білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игертуге қол жеткізу, оқу үрдісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу.

Заманауи технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

1. Балаға ізгілік тұрғысынан қарау;
2. Оқыту мен тәрбиенің бірлігі;
3. Баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
4. Баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;
5. Баланың танымдық және шығармашылық икемділігін дамыту;
6. Әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндігіне орай оқыту;
7. Барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу;
8. Оқу үрдісін оқушының сезінуі.

Заманауи педагогикалық технологияны меңгеру барысында оқыту міндеттері жаңаша сипат алады. Олар: педагогикалық қызметтің өзекті мәселелерін білу, оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқауларын қарастыру, оқу модулін құрастыру, оқу жобаларының мазмұнын анықтау, әр оқушыға арналған тапсырмалар құрастыру, оқушылардың жаңа материалдарды меңгеруі бойынша деңгейленген жаттығулар жүйесін жасау, оқу әрекетінің бағалау көрсеткіштерін анықтау. Педагогикалық технологияны игеруге қойылатын жаңа міндеттерді меңгеру оқытудың ең жоғары нәтижесіне жетуге мүмкіндік беретін оқу – тәрбие үрдісін ұтымды әрі үйлесімді жобалап, ұйымдастырып басқаруды жүзеге асыруға тікелей байланысты.

5. Саралап оқытудың негізгі міндеті – әрбір оқушыны жұмысқа тарту, «әлсіздерге» көмек көрсету, «күштілердің» қабілеттерін дамыту.

Білім беру бағдарламасын тиімді жүзеге асыру үшін оқуды даралай отырып, барлық оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқытуды саралау қажет деп ойлаймын. **Оқытуды саралау** дегеніміз оқушылардың арнайы оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқу бағдарламасына қарай бейімдеу болып табылады. Бұл үдеріске білім беру бағдарламасының мақсаттары, оқыту әдістері, бағалау әдістері, ресурстар мен оқу жаттығулары жекелеген оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратындай етіп жоспарлануы қажет.

Сараланған оқыту тақырыбы бүгінгі күні білім беруді ізгілендіруге, барынша дараландыруға, жеке тұлғаға бағдарлануға байланысты ерекше өзекті болып отыр. Мұғалімдердің, зерттеушілердің басым бөлігі сараланған оқыту – мектеп жұмысының басты бағыттарының бірі, даралықты дамытудың негізгі құралдарының бірі, өйткені ол тек қана таныстық үдерістер деңгейінің әртүрлі, оқуға мүмкіндіктері әртүрлі балалардың барынша дамуына жағдай жасайтыны айтылды.

Сыныптағы саралау жұмыстарының 7 тәсілі бар:

1. Тапсырма.
2. Дереккөздер.
3. Қарқын (жылдамдық)
4. Қорытынды.
5. Диалог және қолдау көрсету.
6. Бағалау.
7. Жіктеу (талдау).

Қорыта келе оқытуды саралау «Бірқатар жаттығулар» емес екенін түсінеміз: бұл әрбір оқушы өзі үшін оңтайлы қарқынмен білім алатын сыныпта оқушылар тобын оқыту мен бағалауды жоспарлау.

6.

Р/с	Пәннің атауы	Сынып	Сабақтың тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Қазақ тілі	2 «К»	Менің туған күнім	27.09.2023	Бейсенова П
2	Қазақ тілі	3 «Г»	Анел ақылды	09.10.2023	Бурахан А.Б
3	Қазақ тілі	4 «Г»	Қуыршақтар	3.10.2023	Бектаева А.Т
4	Русский язык	2 «Ә»	Математика вокруг нас	10.10.2023	Алиева Ж.Ш
5	Русский язык	3 «А»	Наши любимые питомцы	6.10.2023	Бүрлібаева З.Е
6	Шет тілі	4 «А»	Dragons and creatures	16.10.2023	Абдіқадір Б
7	Шет тілі	4 «Г»	Out at night	09.10.2023	Айжарықова К
8	Әдебиеттік оқу	2 «А»	Альбомдағы суреттер	29.09.2023	Молдабекова М
9	Қазақ тілі	2 «Ә»	Ю әріпінің жазылуы	29.09.2023	Қуанышбаева А
10	Әдебиеттік оқу	2 «Б»	Менің үйім	03.10.2023	Сәрсенбаева З
11	Литературное чтение	2 «Г»	«Умел ошибиться – умей и поправиться» (Пословица) М. Зощенко. «Бабушкин подарок»	2.10.2023	Тулеева А

12	Литературное чтение	2 «Д»	«Нет друга – ищи, а нашел – береги» (Пословица) Поэтический родник М. Пляцковский. «Дружба», Б. Заходер. «Мы – друзья»	5.10.2023	Нұрхан Г
13	Русский язык	2 «Е»	Настоящий друг. Фонетика. Алфавит. Алфавитный порядок слов	4.10.2023	Равшанова С
14	Литературное чтение	2 «И»	«За правое дело стой смело» (Пословица) «Храбрый мальчик	6.10.2023	Юлдашова З
15	Русский язык	2 «К»	Дружба – это взаимопомощь. Буквы е, ё, ю, я в начале слова и после гласного	9.10.2023	Кульметова Г
16	Русский язык	2 «Л»	Бабушкины сказки. Ударение	12.10.2023	Халметова Ш
17	Русский язык	2 «М»	Семья. Слог. Деление слов на слоги и для переноса	11.10.2023	Пардабаева М
18	Литературное чтение	2 «Н»	Друзья нашего детства «Друг детства» (По В. Драгунскому	06.10.2023	Миркасимова Д
19	Қазақ тілі	3 «А»	Қаратпасөз.	4.10.2023	Оңдыбайқызы А
20	Әдебиеттік оқу	3 «Ә»	Киіктің айласы.	2.10.2023	Оспан М
21	Қазақ тілі	3 «Б»	Қыстырма сөздер	10.10.2023	Турсынбекова Қ
22	Русский язык	3 «В»	Твердые и мягкие согласные «Дорожи дружбой»	09.10.2023	Куралова А
21	Русский язык	3 «Г»	Виды орфограмм. Орфографические правила. Береги близких.	3.10.2023	Исаева Р
22	Литературное чтение	3 «Д»	И. Крылов " Лебедь, Щука и Рак", Бык, баран, гусь, петух и волк" (Русская народная сказка) Быть добрыми, честными, смелыми	12.10.2023	Қалдыбаева Б

**«Жас-дарын-3» бастауыш мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы
2-3 сыныптарының қазақ тілі, орыс тілі, шет тілі пәндері бойынша
«Тіл- татулықтың тірегі» атты апталығының сабақ өту кестесі**

ДӘЖО: С.Ш. Исаева

27.09 – 16.10.2023ж аралығында «Тіл- татулықтың тірегі» атты бастауыш сынып апталығы өтті. Апталық кезінде өткізілетін ашық сабақтар мен іс-шаралардың жоспары құрылып мектеп директорымен бекітілді. Апталық барысында ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар өткізуге тиісті. «Тіл- татулықтың тірегі» атты апталығының ашылу салтанаты 2 қазан, сағат 12.00 -де өткізілді. Апталықтың ашылу салтанатына Оспан Мағира Бөкенбайқызы мен Оңдыбайқызы Айгерім жауапты болды. Ашылу салтанатына 3-сынып оқушылары ат салысып қатысты. Оқушылар өз шығармашылықтарынан өлең жолдарын оқыды.

«Жас-Дарын-3» бастауыш мектебінің барлық мұғалімдері өздеріне берілген уақытта ашық сабақтарын өтті. Барлық ашық сабақ, өз дәрежесінде өтті. Мұғалімдер бір-бірімен әдіс-тәсілдер алмасты, ішінде ерекше көзге түскен әдіс-тәсілдер де болды. Барлық мұғалім өз білімдерін барынша көрсетті. Ашық сабақтың басталуында оқушылар

әнұранмен бастады, психологиялық ахуал қарастырылды, сергіту сәті 100% қамтылды. Өтілі үлкен мұғалімдер жас мамандарға өз білгендерімен бөлісті, жас мамандар да өздерінің қазіргі заманға сай білгендерімен бөлісті. Тіл мұғалімдері ашық сабағында, оқушылар сол пәннің тілінде 80% сөйледі. Мұғалім сыни тұрғыдан ойлау технологиясының жаңа әдістерін пайдалана отырып, оқушылардың қабілетіне сай іс-әрекет жасауына жағдай жасады. Оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі түрлері: топтық, жұптық жұмыс тиімді пайдаланды. Ашық сабаққа мектеп директорының оқу-әдістемелік орынбасары Исаева С.Ш. және жеке пән мұғалімдері де қатысты.

2 «А» сыныбына Молдабекова Макпалжан әдебиеттік оқу пәнінен «Альбомдағы суреттер» тақырыбына сабақ өтті. Сабақта оқушылардың сөйлеуіне қарағанда, мұғалім көп сөйледі. Әлі де көп сабақтарға, семинарларға қатысу керек екендігін атап өтті.

2 «Ә» сыныбына Қуанышқызы Ақбөпе қазақ тілі пәнінен «Юю» әріпіне ашық сабақ өтті. Оқушылардың сабаққа қатысуы төмен болды. Сабақта оқушылармен көп жұмыс істеу керектігін айтты.

2 «Ә» сыныбына Алиева Жанна Орыс тілі пәнінен «Математика вокруг нас» тақырыбына сабақ өтті. Сабақтың құрылымы жақсы, оқушылардың сабаққа да қатысуы белсенді.

2 «Б» сыныбына Сәрсенбаева Замира әдебиеттік оқу пәнінен «Менің үйім» тақырыбына сабақ өтті. Сабаққа оқушылар жақсы қатысты, топтық жұмыс болғанын айтты.

2 «Г» сыныбына литературное чтениеден Тулеева Айгерім «Умел ошибиться – умей и поправиться» (Пословица) тақырыбына ашық сабақ өтті. Сабақ орташа деңгейде өтті, оқушылардың сабаққа қатысуы жақсы болды.

2 «Д» сыныбына Нұрхаг Г. «Нет друга – ищи, а нашел – береги» тақырыбына ашық сабақ өтті. Сабақтың құрылымы дұрыс құрылмаған, оқушылармен әлі де көп жұмыс жасау керек

2 «Е» сыныбына русский язык пәнінен Равшанова С. «Настоящий друг» тақырыбына сабақ өтті. Сабақ бір сыдырлы өтті. Оқушылар жақсы атсалысқанын атап өтті.

2 «И» сыныбына Юлдашова З. литературное чтение сабағынан «За правое дело стой смело» тақырыбына сабақ өтті. Сабақ құрылымы жақсы, оқушылардың сабаққа қатысуы төмен болғанын айтты.

2 «К» русский язык пәнінен Кульметова Г. «Дружба – это взаимопомощь.» тақырыбына сабақ өтті. Сабақтың құрылымы жақсы, оқушылардың сабаққа қатысуы да белсенді болды.

2 «Л» русский язык пәнінен Халметова Ш. «Бабушкины сказки. Ударение» ашық сабақ өтті. Сабақ жақсы, оқушылардың сабаққа қатысуы жақсы. Әдіс-тәсілдер орынды.

2 «М» сыныбына Пардабаева М. Русский язык пәнінен «Семья. Слог. Деление слов на слоги и для переноса» тақырыбына ашық сабақ өтті. Сабақ құрылымы жақсы, оқушылардың сабаққа қатысуы белсенді болды.

2 «Н» сыныбына литературное чтениеден «Друг детства» тақырыбына Миркасимова Д. сабақ өтті. Сабақ құрылымы жақсы, оқушылардың да қатысуы белсенді.

3 «А» сыныбына Оңдыбайқызы Айгерім қазақ тілі пәнінен «Қаратпа сөз» тақырыбына ашық сабақ өтті. Сабақта оқушылардың қатысуы орташа болды, мұғалім оқушылармен жұмыс жасады.

3 «А» сыныбына орыс тілі пәнінен Бүрлібаева Замира «Наши любимые питомцы» тақырыбына ашық сабақ өтті. Сабақ жақсы құрылған, оқушылардың да қатысуы жақсы болды.

3 «Ә» сыныбына Оспан Мағира Бөкенбайқызы қазақ тілі пәнінен «Мәтін түрлері» тақырыбына ашық сабақ өтті. Сабақ өте жақсы өтті, мұғалім сабақтың барысында оқушылармен жақсы жұмыс жасалғанын атап өтті.

3 «Б» сыныбы Турсунбекова Қаламқас қазақ тілі пәнінен «Қыстырма сөз» тақырыбына сабақ өтті. Сабақ орташа деңгейде өтті, оқушылардың сабаққа қатысуы да орташа деңгейде болды.

3 «В» сыныбына Куралова Айнұр орыс тілінен сабақ өтті, бірақ сабақтың құрылымының дұрыс болмауына байланысты, сабақ қайта өтілсін.

- 3 «Г» сыныбына Исаева Рано русский язык пәнінен «Виды орфограмм» тақырыбына ашық сабақ өтті. Сабақтың құрылымы жақсы, бір сыдырлы өтті.
- 3 «Г» сыныбына Бұрахан Айдана «Анел ақылды» тақырыбына ашық сабақ өтті. Сабақ жақсы болды, оқушылар белсене қатысты.
- 3«Д» сыныбына Қалдыбаева Бақытгүл литературное чтениеден «Быть добрыми, честными, смелыми» тақырыбына сабақ өтті.
- 4«А»сыныбына Абдіқадір Б. ағылшын пәнінен «Dragons and creatures» тақырыбына ашық сабақ өтті. Сабақ құрылымы жақсы, оқушылардың сабаққа қатысуы төмен болды.
- 4 «Г» сыныбына Бектаева А. Қазақ тілі пәнінен «Қуыршақтар» тақырыбына ашық сабақ өтті. Сабақта оқушылардың қазақ тілінде сөйлеуі аз, түсінуі төмен болды.
- 4 «Г»сыныбына Айжарықова Клара «Out at night» тақырыбына сабақ өтті. Әлі де дайындық керек, оқушылардың тыңдауы аз, сабақта мүлдем белсенді емес.

7.

8. 2023жылдың 13қарашадағы № 213 бұйрығына сәйкес, Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбы бойынша 13.11-24.11.2023ж аралығында онлайн форматта өтетін ақылы курсқа Ондыбайқызы А, Турсунбекова К., Сонымен қатар 4 желтоқсандағы № 04.12-15.12.2023ж аралығындағы онлайн форматта өтетін ақылы курсқа Ергеш Р, Жулибекова Д, Байзбаева А, Жаки Ә, Қуанышбай А, Сүлеймен А, Бегимкулова С. барды, және өзінің педагогикалық шеберлігін артып келді.

2023жылдың 4 желтоқсандағы № 229 бұйрығына сәйкес, Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Бастауыш сынып пәндерін бағалауға арналған тапсырмаларды дайындау және сараптау» тақырыбы бойынша 04.12-15.12.2023ж аралығында Фазилова А. Молдабекова М. онлайн форматта өтетін ақылы курсқа қатысып, өзінің біліміне қоса бағалауға арналған курс сабақтарын оқыды.

9. Мектебіміздің ұстазы Байзбаева Альбина, жас мамандарға арнап «Сабақты көрнекілік арқылы» өту тақырыбына коучинг сабақ өтті.
- Жас мамандарға, сабақ жоспарын қалай құру керек, және оны қалай уақытқа бөлу керек тиімділігін көрсетті . Алдымыздағы баланың деңгейіне байланысы жоспар құру керектігін, және жоспар бойынша жүйелі сабақ өту керектігін атап өтті.
- Әліппе сабағынан Ұ әріпіне сабақ өтті, ол жерде ең алдымен балаға бірінші көрген әріпіне байланысты көптеген видеороликтер, әріпке байланысты қандай да бір жан-жануарлардың, заттардың, табиғи құбылыстардың суретін көрсету арқылы сабақты ашу. Сол әріпті ең бірінші кеңістікте жазу, елестету, содан соң дәптерге түсіру керектігінде атап айтты Оқушыға оқу барысында ең алдымен 2-3 буынды сөздерді оқыту, 5-6 әріптен тұратын сөз болса буындап оқытып үйрету.
- Сабаққа баланың қызығушылығын арттыу мақсатында қолданылатын дүние ол көрнекілік. Көрнекілік барлық сабақта қолданылатын ең ұтымды тәсіл. Оқушы қандай да бір мәліметті қабылдауы үшін, көзбен көріп, қолымен ұстағаны тиімді екенін жас мамандарға көрсетті.

Қаулы:

1. ОМЖ және ҚМЖ әзірлеу және іске асыру сапасына сәйкес орындалсын.
2. Тілдер мерекесінің секілді іс-шаралар көптеп өткізілсін.

3. Пән апталықтары, мектепшілік олимпиадаларын өткізу графиктерін бекітілсін.
4. Мұғалімнің әртүрлі формаларды, әдістерді және жаңа технологияларды қолдануы қамтылсын.
5. Сабақты өздігімен жұмыс жасауды ұйымдастыру үшін саралау тәсілі қолданылсын.
6. Жоспарлы сабаққа ену, пәндік апталықтың кестесіне сай сабақтарды бақылаудың нәтижелері әдістемелік кеңес отырысында талқылансын.
7. Педагогтердің білімділігін арттыру курсына жіберу ұйымдастырылсын.
8. «Жаңару жолындағы жас маман» коучинг сабағын, мұғалімдер өз сабақтарында қолдансын.